

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген борыштың, сондай-ақ жекелеген квазимемлекеттік сектор субъектілері борышының басқарылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2024ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

**«Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген борыштың, сондай-ақ жекелеген квазимемлекеттік сектор субъектілері борышының басқарылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген борыштың, сондай-ақ жекелеген квазимемлекеттік сектор субъектілері борышының басқарылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және атқару тиімділігі;

Квазимемлекеттік сектор субъектілері борышының басқарылу тиімділігі.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы» мемлекеттік мекемесі (*әрі қарай - Мекеме*);

«Құрылыс Кентау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (*әрі қарай - Серіктестік*).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.10.2021-31.12.2021 жыл, 01.01.2023-31.12.2023 жылдар аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау

Мекеме тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй қоры, энергетика, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау және су бұрудың инженерлік коммуникациялық желілері, нөсер кәрізі, газ шаруашылығы, Кентау қаласының аумағын көгалдандыру және абаттандыру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Мекеменің мынадай ведомстволары бар:

1) «Жасыл қала» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) «Кентау қалалық газ қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылығы мен тұрғын үй қорын іске асыру, тұрғын үй инспекциясының лауазымды тұлғаларының кондоминиум қатысушыларының ортақ мүлкіне тексеру жүргізуі арқылы жүзеге асырылатын тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік бақылау, энергетика, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау және су бұрудың инженерлік коммуникациялық жүйелері, нөсер кәрізі, газ шаруашылығы, Кентау қаласының аумағын көгалдандыру және абаттандыру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

Тұрғын үй секторы Қазақстан экономикасында маңызды рөл атқарады, жалпы әл-ауқат пен дамудың тұрақтылығы мен қолдауын қамтамасыз ететін әлеуетті құрал болып табылады. Тұрғын үй секторы тұрғын үйді абаттандырудың жоғары дәрежесімен сипатталады. Көппәтерлі үйлердің техникалық жағдайы, олардың сапасы, әсіресе энергия тиімділігінде, сондай-ақ тұрудың жайлылығы тұрғысынан дамыған шет елдердегі аналогтардан едәуір артта қалып отыр. Көппәтерлі тұрғын үйлердің нашар жағдайының басты себебі-тиісті техникалық қызмет көрсетудің көпжылдық болмауы және үйлердің күрделі жөндеуден өтпеуі.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес күрделі жөндеуді қоса алғанда, көппәтерлі тұрғын үйді күтіп-ұстау жөніндегі шығыстарды пәтерлердің меншік иелері көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкіне ортақ үлестік меншік құқығындағы үлестерге сәйкес келетін үлестерде көтеруге тиіс.

Талдау көрсеткендей, пәтер иелері үйді күрделі жөндеу туралы қабылдауға қатыспайды және оған өз қаражатын салмайды.

Сондықтан тұрғын үйлердің одан әрі бұзылуын болдырмау және оларды сақтау тұрғын үй секторында бірінші кезектегі шараларға айналуы тиіс. Осыған байланысты мемлекет алдына пәтер иелеріне көмектесу, көппәтерлі тұрғын үйлерді қазіргі заманғы талаптарға, оның ішінде энергия тиімділігіне сәйкес келетін жағдайға келтіру міндеті қойылды. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақты бірге құрамыз» атты Қазақстан халқына Жолдауында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты ауқымды жаңғыртуды жүргізу, тұрғын үй қатынастарының оңтайлы моделін құру міндетін қойды.

Оны іске асыру шеңберінде 2011 жылы Қазақстан Республикасының Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 сәуірдегі № 473 қаулысымен бекітілген *(2015 жылы күші жойылған)*.

Бұл бағдарламаның мақсаты тұрғындардың жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету және коммуналдық инфрақұрылымның жай-күйін жақсарту болып табылады.

Тұрғын үй қорын жаңғырту тетігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы №767 қаулысымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасымен бекітілген *(бағдарламаға 5-қосымша)*.

Бұдан әрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1054 қаулысымен «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық

дамуының 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы) бекітілген.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы тұрғын үй құрылысы, азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (бұдан әрі – ТКШ) жүйесін жаңғырту және дамыту саласындағы мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын шоғырландырады. Осыған байланысты мемлекеттік бағдарламаға 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасынан және Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасынан коммуналдық инфрақұрылымды, жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйесін, тұрғын үй қорын жаңғырту мәселелері интеграцияланған.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінің бірі тұрғын үй-коммуналдық секторды жаңғырту және дамыту, тұрғын үй қорын күрделі жөндеу және жаңарту болып табылады, оларды орындау күрделі жөндеуді қажет ететін объектілер, кондоминиумдар үлесінің қысқаруына әкеледі.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген ТКШ саласындағы ағымдағы жағдайды талдауға сәйкес:

- жаңа тұрғын үйді пайдалануға берумен қатар тұрғын үй қорының тозу процесі жүріп жатыр. Жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі - ЖАО) деректері бойынша Қазақстанның көппәтерлі тұрғын үйлер саны 78 402 бірлікті құрады;

- қолданыстағы көппәтерлі тұрғын үйлердің шамамен үштен бір бөлігі (шамамен 50 жыл және одан көп) 1970 жылы салынған және 65%-ға жуығы 25 жыл бұрын пайдалануға берілген. Қалпына келтірілмейтін авариялық күйде 1 308 үй бар, бұдан басқа 18100 мың көппәтерлі тұрғын үйлер күрделі жөндеуді қажет етеді.

Талдау көрсеткендей, мемлекеттік қолдаудың едәуір көлемі елдің тұрғын үй қорын жаңартуға және жаңғыртуға бағытталғандығы оң нәтиже бергенімен, бұл ретте әлсіз жақтары бар: тұрғын үй қорының тозуының жоғары дәрежесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті мен ЖАО арасындағы тұрғын үй қорының саны бойынша деректердің алшақтығы, тұрғын үй қорын басқару жүйесінде білікті мамандар тапшылығының жоғары дәрежесі және т. б.

Көппәтерлі тұрғын үйлерде жөндеу жүргізу үшін пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің шешімі қажет.

Көппәтерлі тұрғын үйлерде күрделі жөндеу жүргізудің негізгі тетігі ЖАО 2011 – 2015 жылдары республикалық бюджеттен бөлінген қаражат шеңберінде бұрын көппәтерлі тұрғын үйлерді жөндеген тұрғын емес үй-жайлардың, пәтерлердің меншік иелерінің қайтарымды қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО бюджеттерге қосымша республикалық бюджеттен 7 жылға жылдық 0,1 %-бен бюджеттік кредиттер бөлу қарастырылған.

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуді

ұйымдастыру тәртібін тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті орган бекітеді.

Тұрғын үй қорын күрделі жөндеу жөніндегі жобаларды іске асыру азаматтардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға, қаражатты жинақтау жүйесінің неғұрлым оңтайлы жұмыс істеуі мен дамуына әкеледі.

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу тәртібі (*бұдан әрі - Тәртіп*) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 246 бұйрығымен бекітілген.

Көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналыста мемлекеттік, оның ішінде бюджеттік кредит түрінде бөлінген бюджет есебінен кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге қатысу туралы мынадай мәселелер бойынша:

1) мемлекеттік, оның ішінде бюджеттік кредит түрінде бөлінген бюджет есебінен кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге қатысу туралы;

2) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған, жеке (бөлек) меншіктегі тұрғын және (немесе) тұрғын емес алаңдардың пайдалы алаңдардың осы кондоминиум объектісінде орналасқан барлық тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың пайдалы алаңдарының сомасына қатынасымен айқындалатын, әрбір пәтерге, тұрғын емес үй-жайға жүктелетін шығыстар сомасын бекіту туралы;

3) пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері қаражатты 7 жылдан 15 жылға дейін қайтару мерзімі туралы шешім қабылдайды.

Бюджеттік кредит беру тетігі арқылы бюджет қаражаты есебінен көппәтерлі тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жүргізуге қаражат бөлінген жағдайда жергілікті атқарушы органдар қарыз алушылар болып айқындалатын болады, түпкілікті қарыз алушылар пәтер, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері болып табылатын болады.

Көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізуді Оператор осы Тәртіпке сәйкес Үй кеңесі таңдаған мердігер ұйымды тарта отырып, жүзеге асырылады.

Жүргізілген күрделі жөндеу үшін қаражатты қайтару сомасын есептеу кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіндегі олардың үлесіне сәйкес пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың техникалық сипаттамалары негізінде айқындалады.

Оператор мердігер ұйымның кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуін және лифтіні ауыстыруын (жөндеуін) мониторингілеуді және бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ авторлық, техникалық қадағалауды орындауға және жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге шарттар жасасуды қамтамасыз етеді.

Оператор, мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы, жай серіктестіктің сенімді тұлғасы, үй кеңесі мердігерлік ұйымдардың кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеуді орындау сапасы мен

мерзімдерін, сондай-ақ осындай қызметтердің, жұмыстардың жобалық құжаттама талаптарына сәйкестігін бақылайды.

Күрделі жөндеу бойынша көппәтерлі тұрғын үйді қабылдауға және пайдалануға енгізуге Оператор, мердігер ұйым, техникалық қадағалау, авторлық қадағалау, сондай-ақ үй кеңесі, мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе жай серіктестіктің сенімді тұлғасы қатысады.

Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне қол қойғаннан кейін бюджет қаражатының, оның ішінде бюджеттік кредит түрінде бөлінген соманың толық өтелуін қамтамасыз етеді.

Бюджет қаражатын, оның ішінде бюджеттік кредит түрінде бөлінген қаражатты қайтаруды пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналыс хаттамасына қоса беріліп отырған есепке сәйкес соманы толық өтеу жолымен қамтамасыз етеді.

Оператор мемлекеттік бюджет есебінен бөлінген, оның ішінде бюджеттік кредит түрінде бөлінген қаражаттың қайтарылуына мониторинг жүргізуді және бақылауды қамтамасыз етеді.

Пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың меншік иесі төлемнің белгіленген күнінен кейін күрделі жөндеу, лифтілерді жөндеу (ауыстыру) бойынша берешекті өтемеген жағдайда оператор жүргізілген күрделі жөндеу үшін берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу туралы нотариусқа немесе сотқа жүгінеді.

Қазақстан Республикасы облыстарының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласы ТКШ кәсіпорын-субъектілерінің қанағаттанарлықсыз қаржылық жағдайымен, жоғары шығындармен, тұрғын үй және коммуналдық қызметтерді көрсетумен байланысты пайдалану шығындарын төмендетуге ынталандырудың жоқтығымен сипатталады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы секторының ағымдағы жағдайының әлсіз және басым (сильные и слабые стороны) тұстары келесідей:

Басым тұстары:

Басым тұстарының ішінде аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй көмегі тетіктерінің бар болуы, мемлекет тарапынан қолдау көрсету, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласын қамтамасыз ету үшін дамыған шикізат базасының болуы, тұрғын үйлердің инженерлік жүйелерінің техникалық жағдайын бағалау, көппәтерлі тұрғын үйлердің энергоаудитін жүргізу мүмкіндігі, қолайлы инвестициялық ахуалды дамыту сияқты көрсеткіштерді атап өтуге болады.

Әлсіз тұстары:

Әлсіз тұстарының ішінде нысандардың және инженерлік жүйелердің тозуының жоғары деңгейі, қолданыстағы ресурстардың рационалды пайдаланбауы және шығындардың жоғары деңгейі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласының бәсекелестігінің төмен деңгейі, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі, көппәтерлі тұрғын үйлерді тиісті деңгейде пайдалануы және күтіп ұстауы бойынша бақылаудың тиісті деңгейде болмауы, кондоминиум меншік иелері- қатысушыларының басым бөлігінің құқықтық

дайындығының тиісті деңгейде болмауы, тұрғын үй қорын ұстауға және күрделі жөндеуге қажетті шығындардың және коммуналдық төлемдірдің төмен деңгейі, тұрғын үй меншік иелерінде меншік сезімін оятуға бағытталған ақпараттық-түсіндірме, агитациялық және оқыту-ағарту жұмыстарының тиісті деңгейде жүргізілмеуі, тұрғын үйлердің жоғары тозуының болуы сияқты жағдайларды атап өтуге болады.

Кентау қаласы бойынша барлығы 358 көппәтерлі тұрғын үйлер бар. Оның ішінде күрделі жөндеуді қажет ететін 324 кондоминиум нысаны - көпқабатты тұрғын үйлер бар.

Жалпы тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу бойынша шығындардың жоғары болуына байланысты, 2011 жылдан бастап аталған мақсаттарға қаржының бөлінуі тұрғын үйлерді күрделі жөндеу бағдарламасы бойынша кредиттік-қайтарымды негізде берілуде.

Жалпы Кентау қаласында тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу нәтижесінде көппәтерлі тұрғын үйдің жылумен жабдықтау жүйесіне жіберетін қуатты тұтынуының төмендеуі, кондоминиум объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, Кентау қаласының сәулет-қала құрылысы көрінісін жақсарту, әлеуметтік-экономикалық маңызы бар объектілерді пайдалануға жарамды күйін сақтап қалу, тұрғын үйлердің жарамдылық мерзімін ұлғайтуға бағытталған жұмыстарды жүргізу күтілуде.

Көппәтерлі тұрғын үйлердің негізгі проблемалары:

Кондоминиум объектілерін басқаруда тұрғын үй иелерінің белсенділігінің төмендігі;

Пәтер иелерінің кондоминиум объектілерін басқару бөлігінде басқару органдарының қызметіне қанағаттанбауы;

Ортақ мүлікті күрделі жөндеуден өткізуге ақша қаражатын жинаудың әлсіз тәжірибесі;

Кондоминиум объектілерін басқару органдарының ортақ мүлікті күрделі жөндеуден өткізуге қолжетімді несиелеу тетіктерінің болмауы;

Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күтіп ұстау және басқару бойынша қызметтері үшін төлемдер жиналымының төмен деңгейі;

Тұрғын үй көмегін көрсету тетігін пайдалану деңгейінің жеткіліксіздігі;

Энергетикалық ресурстарды тұтынудың жоғары деңгейі;

Инвестициялық тартымдылығының төмендігі;

Технико-технологиялық шешімдер мен қолданыстағы қуаттылығы арасындағы дисбаланс.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында Кентау қаласында тұрғын үйді жаңғырту бағытында «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында Республикалық бюджеттен кредит есебінен 2021 жылы 100 көпқабатты тұрғын үйлерге 3 251 452,0 мың теңге және 2023 жылы 55 көпқабатты тұрғын үйлерге 1 573 285,0 мың теңге қаржы қаралып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде қала бойынша барлығы 155 көпқабатты тұрғын үйлердің шатыры, кіреберістері, қасбеті, жертөледегі инженерлік жүйелері толығымен жаңғыртылған.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Жалпы аудитпен 2 аудит объектісінде 081 «Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру» бюджеттік бағдарламасы (бұдан әрі – 081 бюджеттік бағдарлама) бойынша 01.10.2021-31.12.2021 жыл, 01.01.2023-31.12.2023 жыл аралығындағы кезеңге бөлінген 4 824 737,0 мың теңге (2021 жылы - 3 251 452,0 мың теңге, 2023 жылы - 1 573 285,0 мың теңге) қаржы қамтылды.

Жалпы аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 10 541,7 мың теңгені құрады, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 5 950,1 мың теңге және өтелуге жататыны 4 591,6 мың теңге (аудит барысында толығымен қалпына келтірілген/өтелген), ықтимал шығындардың сомасы 1 563 453,2 мың теңге, тиімсіз пайдаланылған қаржының сомасы 4 824 737,0 мың теңгені құрады. Сонымен бірге 12 бірлік рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды.

Аудит қорытындысы бойынша мемлекеттік аудит объектілері бөлінісінде төмендегі бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды.

Мекеме бойынша:

Мекеменің тиісті жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары мекеме басшысының бұйрықтарымен бекітіліп, қаржы жылы ішінде мәслихат шешімдеріне және қала әкімдігінің қаулыларына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

1-тармақ. Алайда, Бюджет кодексінің 32 бабының 8 тармағының, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының 15 тармағы 4) тармақшасының талаптары сақталмай, 2021, 2023 (жаңа редакцияда 8 тармақ 4 тармақшасы) жылдары мекеменің 081 бюджеттік бағдарламасы бойынша тиісті бұйрықпен айқындалмаса да бюджеттік бағдарлама басшысының аты-жөні және лауазымы көрсетілген.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрбір бюджеттік бағдарламаға бұйрықпен нәтижелілік көрсеткіштеріне қол жеткізе отырып, бюджеттік бағдарламаны сапалы жоспарлау мен орындауды қамтамасыз етуге дербес жауапты болатын лауазымды тұлға бекітіледі.

2-тармақ. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының 15 тармағы 8) тармақшасының (жаңа редакцияда 8 тармағы 8) тармақшасының талаптары сақталмай, мекеменің 2021,2023 жылға арналған 081 бюджеттік бағдарламасының түпкілікті нәтижелері абсолюттік, салыстырмалы немесе пайыздық шамаларда көрсетілмеген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы №629 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік мониторинг жүргізу

нұсқаулығының» 48,53-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің 2021,2023 жылдың қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есеп 21,22-қосымшаға сәйкес жасалып, нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

3-тармақ. Алайда, мекеменің 081 бюджеттік бағдарламасы бойынша Кентау қалалық қазынашылық басқармасының қолма-қол ақшаны бақылау шотынан үзіндіге сәйкес (форма 5-20) серіктестіктің есеп шотында 10.12.2021 жылға 693 349,3 мың теңгесі игерілмей қалған, оның ішінде республикалық бюджет қаржысы 693 298,3 мың теңге (31.12.2021 жылға қалдық 368 013,1 мың теңге) және 10.12.2023 жылға 1 569,8 мың теңге (31.12.2023 жылға қалдық 1 569,8 мың теңге).

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 4-бабының 6,12) тармақшасында көрсетілген бюджет жүйесінің нәтижелілік және тиімділік принциптері сақталмай, бюджеттік бағдарлама басшысымен 2021,2023 жылы 081 бюджеттік бағдарламасы бойынша жұмыс көлемінің болмауынан нәтижелерге қол жеткізілмеген.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 32 бабының 8 тармағына сәйкес бюджеттік бағдарлама басшысы бюджеттік бағдарламаны сапасыз жоспарлағаны және оның нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізбегені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2021 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында серіктестіке кредит беру арқылы Кентау қаласында бюджеттік инвестицияларды іске асыру үшін жасалған қаржы экономикалық негіздемесіне сәйкес, 081 бюджеттік бағдарламасы бойынша Кентау қаласындағы 100 көпқабатты тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу үшін Кентау қаласы әкімдігінің 07.10.2021 жылғы №479 қаулысына сәйкес, серіктестікке республикалық бюджеттен 3 251 452,0 мың теңге кредит аударылған.

Осыған орай «Кредит беруші» деп аталатын Кентау қаласының әкімдігі бірінші тараптан, «Әкімші» деп аталатын «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы» ММ екінші тараптан, «Қарыз алушы» деп аталатын Кентау қаласы әкімдігінің «Құрылыс Кентау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі үшінші тараптан 07.10.2021 жылы №1 кредиттік келісім шарт 3 251 452,0 мың теңгеге жасалған.

Үш жақты жасалған 07.10.2021 жылы №1 кредиттік келісім шарттың мәні Кредит берушінің Қарыз алушыға облыстық бюджеттен 081 бюджеттік бағдарламасы бойынша 3 251 452,0 мың теңге сомасында кредит беру, пайдалану, оған қызмет көрсету және өтеу бойынша Тараптар арасындағы қарым-қатынастар болып табылады.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері:

Күрделі жөндеу жұмыстарынан өткен көппәтерлі тұрғын үйлердің саны – 100 бірлік.

Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері:

көппәтерлі тұрғын үйдің жарамдылық мерзімін ұлғайту 20–25 жылға;

Әлеуметтік–экономикалық көрсеткіштері:

жұмыс орындарын құру: уақытша –700 адам;
күрделі жөндеу жұмыстарын қажет ететін көппәтерлі тұрғын үйлердің үлесін азайту– 40,5%–дан 12,5%–ға дейін;

көппәтерлі тұрғын үйдің жылумен жабдықтау жүйесіне жіберетін қуатты тұтынуының төмендеуі шамамен 30%.

Сонымен бірге үш жақты жасалған 07.10.2021 жылы №1 кредиттік келісім шартқа сәйкес 08.10.2021 жылғы №4873504/21-1057 төлем шотымен 200 000,0 мың теңге және 12.10.2021 жылғы №4873504/21-1124 төлем шотымен 3 051 452,0 мың теңге аударылып, аталған кредиттік келісім шарттың 2.3. тармағына сәйкес кредитті игеру мерзімі Қарыз берушінің есебінен кредит аударылған сәттен бастап есептеледі және **2021 жылғы 10 желтоқсанда аяқталады.**

4-тармақ. Алайда, Кентау қалалық қазынашылық басқармасының қолма-қол ақшаны бақылау шотынан үзіндіге сәйкес (форма 5-20) серіктестіктің есеп шотында 10.12.2021 жылға 693 349,3 мың теңгесі игерілмей қалған, оның ішінде республикалық бюджет қаржысы 693 298,3 мың теңге (*31.12.2021 жылға қалдық 368 013,1 мың теңге*).

Осылайша, түпкілікті қарыз алушы ҚР Бюджет кодексінің 4-бабының 6,12) тармақшасында көрсетілген бюджет қаражатын пайдалануда нәтижелілік және тиімділік қағидатын бұза отырып, жалпы сомасы 3 251 452,0 мың теңгеге бөлінген бюджеттік кредит қаражатын пайдаланған.

Бұл ретте, ҚР Бюджет кодексінің 3-бабы 1-тармағының 12-4)-тармақшасына сәйкес бюджеттік бағдарламада көрсетілген тікелей және түпкі нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етпеу нәтижесінде тиімсіз пайдаланудың жалпы сомасы 3 251 452,0 мың теңгені құрады.

Сол сияқты 2023 жылы Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы бойынша 081 бюджеттік бағдарламасының 013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен 1 573 285,0 мың теңге қаралып, Кентау қаласы әкімдігінің 26.05.2023 жылғы №149 қаулысына сәйкес Кентау қаласындағы 55 көп қабатты тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу үшін «Құрылыс Кентау» ЖШС-не кредит ретінде берілген.

Осыған орай «Кредит беруші» деп аталатын Кентау қаласының әкімдігі бірінші тараптан, «Әкімші» деп аталатын «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы» ММ екінші тараптан, «Қарыз алушы» деп аталатын Кентау қаласы әкімдігінің «Құрылыс Кентау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі үшінші тараптан 26.05.2023 жылы №1 кредиттік келісім шарт 1 573 285,0 мың теңгеге жасалған.

Үш жақты жасалған 25.05.2023 жылы №1 кредиттік келісім шарттың мәні Кредит берушінің Қарыз алушыға облыстық бюджеттен 081 бюджеттік бағдарламасы бойынша 1 573 285,0 мың теңге сомасында кредит беру, пайдалану, оған қызмет көрсету және өтеу бойынша Тараптар арасындағы қарым-қатынастар болып табылады.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері:

Күрделі жөндеу жұмыстарынан өткен көппәтерлі тұрғын үйлердің саны – 55 бірлік.

Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері:

кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күтіп ұстаудың одан әрі сапасына байланысты көппәтерлі тұрғын үйдің қызмет ету мерзімін ұлғайту - 30 жылға;

Әлеуметтік–экономикалық көрсеткіштері:

жұмыс орындарын құру: уақытша –220 адам;

күрделі жөндеу жұмыстарын қажет ететін көппәтерлі тұрғын үйлердің үлесін азайту– 18%–дан 7%–ға дейін;

көппәтерлі тұрғын үйдің жылумен жабдықтау жүйесіне жіберетін қуатты тұтынуының төмендеуі шамамен 20%.

Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 28 (жиырма сегіз) айдан аспауға тиіс.

Кредит бойынша есептелген сыйақыны төлеу 2023 жылғы 10 желтоқсаннан бастап, жылына бір рет әрбір жылдың 10 мамырында жүзеге асырылады, бұл ретте есептелген сыйақыны соңғы төлеу 2030 жылдың 10 мамырында жүзеге асырылады. Бюджеттік кредитті пайдалану үшін сыйақыны есептеу қарыз алушының шотына бюджеттік кредит қаражатын аударған күннен бастап жүзеге асырылады.

Кредитті игеру мерзімі Қарыз берушінің есебінен кредит аударылған сәттен бастап есептеледі және **2023 жылғы 10 желтоқсанда аяқталады.**

№1 кредиттік келісім шарттың 4.3.1. тармағына сәйкес Әкімші кредит қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды және мониторингін жүзеге асыруға міндетті.

5-тармақ. Алайда, Кентау қалалық қазынашылық басқармасының қолма-қол ақшаны бақылау шотынан үзіндіге сәйкес (*форма 5-20*) серіктестіктің есеп шотында 10.12.2023 жылға 1 569,8 мың теңгесі игерілмей қалған (*31.12.2023 жылға қалдық 1 569,8 мың теңге*). Қаржының игерілмеу себебі – электрондық цифрлық қолтаңбасын дайындау, алу және пайдалану туралы аумақтық қазынашылық органы мен «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесін пайдаланушы арасындағы электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану туралы келісімге қосымша келісім түзу процедурасы кешіктірілген.

Осылайша, түпкілікті қарыз алушы ҚР Бюджет кодексінің 4-бабының 6,12) тармақшасында көрсетілген бюджет қаражатын пайдалануда нәтижелілік және тиімділік қағидатын бұза отырып, жалпы сомасы 1 573 285,0 мың теңгеге бөлінген бюджеттік кредит қаражатын пайдаланған.

Бұл ретте, ҚР Бюджет кодексінің 3-бабы 1-тармағының 12-4)-тармақшасына сәйкес бюджеттік бағдарламада көрсетілген тікелей және түпкі нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етпеу нәтижесінде тиімсіз пайдаланудың жалпы сомасы 1 573 285,0 мың теңгені құрады.

Үш жақты жасалған 07.10.2021 жылы №1 және 25.05.2023 жылы №1 кредиттік келісім шарттың 4.3. тармағының талаптарына сәйкес Әкімші:

- Кредит қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды және мониторингін жүзеге асыруға;

- Кредит берушіге Шарт талаптарын орындауға байланысты барлық қажетті ақпаратты беруге;

- Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін уақтылы және тиісті деңгейде орындалуын бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ кредитті өтеу бойынша талап-арыз жұмысын жүргізуге міндетті.

Алайда, бюджеттік бағдарлама әкімшісімен республикалық бюджеттен бөлінген кредиттік қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды және мониторинг жұмыстарын тиісті деңгейде қамтамасыз етпеген.

«Құрылыс Кентау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бойынша:

Жүргізілген мемлекеттік аудит басқару органымен серіктестіктің даму жоспарының бекітілуіне және олардың орындалуы жөніндегі есептердің негізінде серіктестіктің даму жоспарының іске асырылуына, сондай-ақ бюджеттік бағдарлама әкімшісі ретінде қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылау және мониторингілеу жүргізілмейтінін көрсетті.

6-тармақ. Яғни, серіктестіктің 2021 жылғы даму жоспары мен оның орындалуы жөніндегі есептің жобасы бекіту органының қарауына енгізілмеген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының» 9,10,15,39 тармағының талаптары сақталмаған.

Кентау қалалық қазынашылық басқармасының қолма-қол ақшаны бақылау шотынан үзіндіге сәйкес (форма 5-20) серіктестіктің есеп шотында 01.01.2021 жылға 51,0 мың теңге қалдық болған, яғни қазан айында республикалық бюджеттен 3 251 452,0 мың теңге бюджеттік кредит аударылған.

Қарыз алушы кредиттік келісім шарттардың 4.5.11. Кредитті игеру кезеңі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Кредиттік қаражаттың соңғы Қарыз алушы пайдаланбаған бөлігін Кредит берушіге қайтаруға міндетті және ол туралы Әкімшіні хабардар етуі қажет.

Сондай-ақ 5.3. тармағына сәйкес Қарыз алушы бюджеттік кредиттің игерілмеген қаражатын уақытында қайтармаған жағдайда, Қарыз алушыға мерзімін өткізген әрбір күнге бюджеттік кредиттің игерілмеген бөлігі сомасының 5 (бес) пайызы мөлшерінде өсімпұл есептеледі. Бұл ретте, өсімпұлдың ең жоғары сомасы бюджеттік кредитті игеру кезеңінде қарыз алушы пайдаланбаған сомадан аспауы тиіс.

7-тармақ. Алайда Кентау қалалық қазынашылық басқармасының қолма-қол ақшаны бақылау шотынан үзіндіге сәйкес (форма 5-20) серіктестіктің есеп шотында 10.12.2021 жылға 693 349,3 мың теңгесі игерілмей қалған, оның

ішінде республикалық бюджет қаржысы 693 298,3 мың теңге және жергілікті бюджет қаржысы 51,0 мың теңге (31.12.2021 жылға қалдық 368 013,1 мың теңге).

Яғни Қарыз алушымен 07.10.2021 жылғы №1 кредиттік келісім шарттың 4.5.11,5.3 тармақтарының талаптары сақталмай, бюджеттік кредиттің игерілмеген қаражаты Кредит берушіге уақытылы қайтарылмаған және серіктестіктің мерзімін өткізген әрбір күнге бюджеттік кредиттің игерілмеген бөлігі сомасының 5 (бес) пайызы мөлшерінде өсімпұлы РБ бойынша 693 298,3 мың теңгені ($693298,3 \text{ м.т.} * 5\% * 160 \text{ күн} = 5\,546\,386,1 \text{ м.т.}$) құрайды.

Сол сияқты Кентау қалалық қазынашылық басқармасының қолма-қол ақшаны бақылау шотынан үзіндіге сәйкес (форма 5-20) серіктестіктің есеп шотында 10.12.2023 жылға 1 569,8 мың теңгесі игерілмей қалған (31.12.2023 жылға 1 569,8 мың теңге).

Осылайша Қарыз алушымен 26.05.2023 жылғы №1 кредиттік келісім шарттың 4.5.11,5.3 тармақтарының талаптары сақталмай, бюджеттік кредиттің игерілмеген қаражаты Кредит берушіге уақытылы қайтарылмаған және серіктестіктің мерзімін өткізген әрбір күнге бюджеттік кредиттің игерілмеген бөлігі сомасының 5 (бес) пайызы мөлшерінде өсімпұлы РБ бойынша 1 569,8 мың теңгені ($1\,569,8 \text{ м.т.} * 5\% * 21 \text{ күн} = 1\,648,3 \text{ м.т.}$) құрайды.

Бұл ретте, 07.10.2021 жылғы №1 және 26.05.2023 жылғы №1 кредиттік келісім шарттың 4.2.3. тармағына сәйкес Кредит берушінің Кредит уақытылы қайтарылмаған жағдайда Қарыз алушыдан Шарттың 5.2 және 5.3-тармақтарында көрсетілген мөлшерде өсімпұлды өндіріп алуға құқығы бар.

Дегенмен, Қарыз алушымен бюджеттік кредиттің игерілмеген қаражатын Кредит берушіге уақытылы қайтарылмауы 694 868,1 мың теңге мөлшеріндегі қаржылық шығындарының тәуекелі байқалады.

Аудиттің пікірінше, серіктестіктің 694 868,1 мың теңге мөлшеріндегі кредиттік келісім шартқа сәйкес бюджеттік кредиттің игерілмеген қаражатын Кредит берушіге уақытылы қайтармауы бойынша міндеттемелері серіктестіктің ықтимал шығындары болып табылады.

Одан басқа ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығының 619 тармағына сәйкес бюджеттік кредитті мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған кезде кредит беруші немесе сенім білдірілген өкіл (агент) қарыз алушыдан кредиттік шартта белгіленген мөлшерде айыппұлды өндіре отырып, заңсыз пайдаланылған кредит сомасын өндіріп алады. Мақсатқа сай пайдаланылмаған кредит сомасына сол сияқты кредиттік шартта анықталған бюджеттік кредитті игеру кезеңінен кейін қарыз алушы пайдаланған сома жатады.

Ал 07.10.2021 жылғы №1 кредиттік келісім шарттың 5.1. тармағына сәйкес Кредит қаражаты мақсатқа сай пайдаланылмаған жағдайда Қарыз алушы Кредиттің мақсатқа сай пайдаланылмаған сомасын республикалық бюджеттің кірісіне қайтарады, Кредитті мақсатқа сай пайдаланбау фактісі анықталғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Кредитті мақсатқа сай пайдаланбау сомасының 25 (жиырма бес) пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді.

8-тармақ. Осылайша, ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығының 619 тармағының және 07.10.2021 жылғы №1 кредиттік келісім шарттың 5.1. тармағының талаптары сақталмай, Кентау қалалық қазынашылық басқармасының қолма-қол ақшаны бақылау шотынан үзіндіге сәйкес (форма 5-20) серіктестіктің есеп шотындағы 10.12.2021 жылға, яғни кредиттік шартта анықталған бюджеттік кредитті игеру кезеңінен кейін қарыз алушы пайдаланған сома 693 298,3 мың теңге мақсатқа сай пайдаланылмаған кредит сомасына жатады және Кредитті мақсатқа сай пайдаланбау сомасының айыппұлы 173 324,6 мың теңгені ($693298,3 \text{ м.т.} * 25\% = 173324,6 \text{ м.т.}$) құрайды.

Сол сияқты Кентау қалалық қазынашылық басқармасының қолма-қол ақшаны бақылау шотынан үзіндіге сәйкес (форма 5-20) серіктестіктің есеп шотындағы 10.12.2023 жылға, яғни кредиттік шартта анықталған бюджеттік кредитті игеру кезеңінен кейін қарыз алушы пайдаланған сома 1 569,8 мың теңге мақсатқа сай пайдаланылмаған кредит сомасына жатады және Кредитті мақсатқа сай пайдаланбау сомасының айыппұлы 392,4 мың теңгені ($1569,8 \text{ м.т.} * 25\% = 392,4 \text{ м.т.}$) құрайды.

Бұл ретте, 07.10.2021 жылғы №1 және 26.05.2023 жылғы №1 кредиттік келісім шарттың 4.2.2. тармағына сәйкес мақсатқа сай пайдаланбау фактісі анықталған кезде Шарттың 5.1-тармағында көрсетілген айыппұлды ескере отырып, Қарыз алушыдан Кредитті мақсатқа сай пайдаланылмаған соманы өндіріп алуға құқығы бар.

Дегенмен, кредиттік шартта анықталған бюджеттік кредитті игеру кезеңінен кейін қарыз алушы пайдаланған сомасы 694 868,1 мың теңге және Кредитті мақсатқа сай пайдаланбау сомасының айыппұлы 173 717,0 мың теңге мөлшеріндегі қаржылық шығындарының тәуекелі байқалады.

Аудиттің пікірінше, серіктестіктің 868 585,1 мың теңге мөлшеріндегі кредиттік келісім шартқа сәйкес мақсатқа сай пайдаланылмаған кредит сомасы және Кредитті мақсатқа сай пайдаланбау сомасының айыппұлы бойынша міндеттемелері серіктестіктің ықтимал шығындары болып табылады.

Аудит барысында серіктестікпен мердігерлерге келісім шарт сомасынан артығымен қаржы аудару фактілері анықталды.

9-тармақ. Яғни, аудитпен қамтылған кезең аралығында «Түркістан облысы, Кентау қаласы, Каленов көшесі №3 көп пәтерлі тұрғын үйдің күрделі жөндеу» жұмыс жобасын іске асыру мақсатында тапсырыс беруші мен мердігер арасында түзілген 01.08.2023 жылы №001 қосымша келісім шарттың сомасы 28 101,5 мың теңге болса, атқарылған жұмыстар актісі 28 629,5 мың теңгеге қабылданып, мердігердің есеп шотына 28 629,5 мың теңге аударылған немесе **528,0 мың теңге** мердігерге келісім шарттағы сомадан артық аударылған.

Сол сияқты «Түркістан облысы, Кентау қаласындағы Қонаев көшесіндегі №20 көп пәтерлі тұрғын үйге, гимаратқа күрделі жөндеу» жұмыс жобасы бойынша тапсырыс беруші мен мердігер арасында 01.10.2023 жылы түзілген №001 қосымша келісім сомасы 41 099,4 мың теңге болса, атқарылған жұмыстар

актісі 41 099,4 мың теңгеге қабылданып, мердігердің есеп шотына 45 163,0 мың теңге аударылған немесе мердігерге келісімдегі сомадан **4063,6 мың теңге** артық аударылған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 97 бабы 6-1 тармағы 1) тармақшасының, 01.08.2023 жылғы №001 және 01.02.2023 жылғы №001 қосымша келісімнің 1.2. тармағының талаптары сақталмаған.

10-тармақ. Сондай-ақ, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу басталғанға дейін тапсырыс берушімен мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын органға заңда белгіленген тәртіппен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама берілмей, 2023 жылы күрделі жөндеу жұмыстары басталған, оның ішінде келесі жобалар бойынша орын алған:

-«Түркістан облысы, Кентау қаласы, Әуезов көшесі №62 көп пәтерлі тұрғын үйдің күрделі жөндеу»;

-«Түркістан облысы, Кентау қаласы, Аблайхан көшесі 32 көп пәтерлі тұрғын үйдің күрделі жөндеу»;

-«Түркістан облысы, Кентау қаласы, Гагарин көшесі №37 көп пәтерлі тұрғын үйдің күрделі жөндеу»;

-«Түркістан облысы, Кентау қаласы, Пушкин көшесі №45 көп пәтерлі тұрғын үйдің күрделі жөндеу».

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242 Заңының 68 бабының 12 тармағының талаптары сақталмаған.

11-тармақ. Сонымен бірге, аудит барысында атқарылған құрылыс жұмыстарының анықтығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүргізіліп, нәтижесінде төмендегі мән-жайлар анықталды. Атап айтсақ:

- «Кентау қаласы, Пушкин көшесі, №48 көппәтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеу» нысанында жалпы **4 951,1** мың теңгеге (суағар, қасбет, термопанельді терезе жақтаулары, бетон беті бойынша қасбеттік керамикалық түсті плиткалармен сыртқы қаптау) орындалмаған жұмыстар көлемі анықталды;

- «Кентау қаласы, Аль-Фараби көшесі, №96 көппәтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеу» нысанында жалпы **999,0** мың теңгеге (кіре-беріс шатыр жабыны, суағар) орындалмаған жұмыстар көлемі анықталды.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 97-бабының 6-1 тармағының 1) тармақшасының, «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 Кодексінің 630-бап 1, 2, 4 тармақтарының және 654-бабының 1 тармағының, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242-II Заңының 17 бабы 1 тармағының, 4-1), 10) тармақшасының, 34-3 бабының 2 тармағы 1), 4), 9) тармақшаларының, 60 бабы 1 тармағының, 73 бабының 5 тармағы 2)-ші абзацының, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №229 бұйрығымен бекітілген «Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін

ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларының» 12 тармағы 1),3),4) тармақшасының талаптары сақталмаған.

12-тармақ. Сәйкесінше, авторлық және техникалық қадағалау өкілдерімен орындалмаған жұмыстардың толықтығын растап қол қойған және мөрімен растаған осындай бұзушылықтар келесі жобалар бойынша, яғни:

- «Кентау қаласы, Пушкин көшесі, №48 көппәтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеу» нысаны бойынша **техникалық қадағалау** қызметін көрсететін «Best touer building» ЖШС-мен және **авторлық қадағалау** қызметін көрсететін «Nova Atrium» ЖШС-мен;

- «Кентау қаласы, Аль-Фараби көшесі, №96 көппәтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеу» нысаны бойынша **техникалық қадағалау** қызметін көрсететін «R Stroy Group» ЖШС-мен және **авторлық қадағалау** қызметін көрсететін «Astana market NA» ЖШС-мен жол берілген.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе).

Кентау қаласы бойынша 383 көп қабатты тұрғын үйлер бар (*қалада-324, ауылдарда-34, коммуналдық меншіктегі-19, апатты үйлер-6*). 358 үй кондоминиум ретінде тіркелген. Жай серіктестік құрылған үйлер саны - 295. Мүлік иелерінің бірлестігі құрылған үйлер саны - 3. Пәтер иелерінің кооперативтері құрылғаны - 60 көп пәтерлі тұрғын үй.

Е-шаңырақ базасында 300 көп қабатты тұрғын үйлер енгізілген.

2014-2021 жылдар аралығында Кентау қаласы бойынша 211 көп пәтерлі тұрғын үйлер 5,8 млрд. теңгеге күрделі жөндеуден өткен.

Оның ішінде:

2021 жылы Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 100 көп қабатты тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстары орындалған.

2022 жылы күрделі жөндеу жұмыстарына қаржы бөлінбеген.

2023 жылы 55 көп қабатты тұрғын үйлерге, Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін Республикалық бюджеттен 1,57 млрд.теңге қаржы қаралып, жөндеу жұмыстары орындалған.

2024 жылға қалған 38 көп қабатты тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 1,673 млрд.теңге қаржы қарауға бюджеттік өтінім берілген.

Бұл ретте, серіктестікпен ұсынған ақпаратқа сәйкес **күрделі жөндеуді қажет ететін үйлердің үлесі келесідей:**

Кентау қаласы бойынша күрделі жөндеуді қажет ететін 324 кондоминиум нысаны - көпқабатты тұрғын үйлер бар.

-2017-2019 жылдар аралығында 111 көпқабатты тұрғын үйлерге мемлекеттік бағдарлама бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, күрделі жөндеуді қажет ететін үйлердің үлесі **34,3%-ға** азайған.

-2021 жылы 100 көпқабатты тұрғын үйлерге мемлекеттік бағдарлама бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, күрделі жөндеуді қажет ететін үйлердің үлесі **46,9%-ға** азайған.

-2023 жылы 55 көпқабатты тұрғын үйлерге мемлекеттік бағдарлама бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, күрделі жөндеуді қажет ететін үйлердің үлесі **48,7%-ды** құраған.

Одан басқа серіктестіктің ақпаратына сәйкес *«көппәтерлі тұрғын үйдің жылумен жабдықтау жүйесіне жіберетін қуатты тұтынуының төмендеуі шамамен 30%»* әлеуметтік–экономикалық көрсеткішінің орындалуы 2021 жылы келесідей:

Күрделі жөндеу жұмыстары басталмай тұрғанда 100 көпқабатты үйлерде орташа жылу желілеріндегі шығынының энергия тұтыну пайызы энергоаудит қорытындысы бойынша шамамен 40-45 пайызды құраған.

2021 жылы 100 көпқабатты тұрғын үйлерге мемлекеттік бағдарлама бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, көпқабатты тұрғын үйлердің энергия тұтыну шығыны 30 пайызға дейін азайды.

«Көппәтерлі тұрғын үйдің жылумен жабдықтау жүйесіне жіберетін қуатты тұтынуының төмендеуі шамамен 20%» әлеуметтік–экономикалық көрсеткішінің орындалуы 2023 жылы келесідей:

Күрделі жөндеу жұмыстары басталмай тұрғанда 55 көпқабатты үйлерді жылу желілеріндегі шығынының энергия тұтыну пайызы энергоаудит қорытындысы бойынша шамамен 40-45 пайызды құраған.

2023 жылы 55 көпқабатты тұрғын үйлерге мемлекеттік бағдарлама бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, көпқабатты тұрғын үйлердің энергия тұтыну шығыны 20 пайызға дейін азайды.

Көпқабатты тұрғын үйлердің энергия тұтыну шығының азаю жолдары төмендегі жұмыстарға байланысты:

- күрделі жөндеу жұмыстары барысында үйлердің қасбеттерінің (*фасад*) сылақтары қайта жасалады және кейбір үйлердің қасбеттері (*фасад*) жылу қаптамасы бар металды сайдингпен немесе термопанельдермен қапталады;

- жылу жүйелерінің құбырлары жылы қаптамалармен оралады;

- кіреберістерге (*подъезд*) жылу қаптамасы және домофон құрылғысы бар темір есіктер және пластик терезелер қойылады;

- үйдің шатыры металлочерепіцамен қайта жабылады;

- үйдің іргетасының бет жағы (*цоколь*) жөнделіп, цемент ерітіндісімен қайта сыланып боялады;

- үйдің периметрі бойынша айналдыра бетон (*отмостка*) құйылады.

Алайда, 2021 жылғы жоспарланған *«көппәтерлі тұрғын үйдің жылумен жабдықтау жүйесіне жіберетін қуатты тұтынуының төмендеуі шамамен 30%»* және 2023 жылы жоспарланған *«Көппәтерлі тұрғын үйдің жылумен жабдықтау жүйесіне жіберетін қуатты тұтынуының төмендеуі шамамен 20%»* көрсеткіштерінің орындалуын айқындау мүмкін емес. Себебі күрделі жөндеу аяқталып, жылу маусымы өткеннен кейін жергілікті атқарушы органдар тарапынан осы жөндеудің энергия тиімділігін бағалау үшін қайтадан энергетикалық аудит

жүргізілуі тиіс болатын, алайда күрделі жөндеу аяқталған жобалар бойынша қайтадан энергетикалық аудит жүргізілмеген.

Яғни аталған әлеуметтік-экономикалық көрсеткішіне қол жеткізілуін 2021 жылдың қорытындысы бойынша да, 2023 жылдың қорытындысы бойынша да бағалау мүмкін болмады.

2021 жылы «Көппәтерлі тұрғын үйдің жарамдылық мерзімін ұлғайту 20–25 жылға» түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінің орындалуы, 2023 жылы «Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күтіп ұстаудың одан әрі сапасына байланысты көппәтерлі тұрғын үйдің қызмет ету мерзімін ұлғайту - 30 жылға» түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінің орындалуы бойынша серіктестік ұсынған ақпаратына сәйкес түпкілікті нәтиже көрсеткіштері орындалған, атап айтқанда:

Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес күрделі жөндеуден өткізу көппәтерлі тұрғын үйлердің қолдану мерзімін арттырады. Себебі:

- Үйдің шатыры жаңа құрылыс материалдарымен жабылып, шатырдан жауын-шашындарда су өтпейді;
- кіреберістерге (*подъезд*) жылу қаптамасы және домофон құрылғысы бар темір есіктер және пластик терезелер қойылады;
- үйдің іргетасының бет жағы (*цоколь*) жөнделіп, цемент ерітіндісімен қайта сыланып боялады;
- үйдің периметрі бойынша айналдыра металды сетка төселіп, қалың бетон (*отмостка*) құйылады;
- Үйдің қасбеттерінің (*Фасад*) сылақтары цемент ерітіндісімен қайта сыланып, боялады немесе жылу сақтау материалдарды қолдана отырып, металды қаптамалармен (*Металлосайдинг*) қапталады.

Мемлекеттік аудит объектісінің күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге қатысты міндеттері мен функцияларының іске асырылуы нәтижесінде экономика саласының жай-күйіне әлеуметтік-экономикалық әсерін талдау мақсатында Тексеру комиссиясымен аудит жүргізілген мерзімде іріктеліп алынған күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген 33 көппәтерлі тұрғын үйлердің 18 жастан жоғары тұрақты тұрғындарына сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты мемлекеттік аудит объектісімен күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге қатысты көрсетілген қызметтердің сапасына, жалпы жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарына көппәтерлі тұрғын үйлердің тұрақты тұрғындарының қанағаттануын айқындау болып табылады. Жүргізілген сауалнаманың нәтижелері келесідей:

Сауалнама 14 сұрақтан және өзі туралы ақпараттан тұрады. Әрбір сұраққа бірнеше жауап нұсқалары ұсынылды. Сауалнамаға аудитпен қамтылған 33 үйдің 155 тұрғыны қатысты. 155 тұрғынның 70 ер адам, 85 әйел адам қатысты. Сауалнамаға қатысушылардың жас категориялары: 18-30 жас – 14 адам, 31-50 жас – 63 адам, 51-65 жас – 48 адам, 65-жасатан жоғары – 30 адам болып бөлінді. Қатысушылардың көпшілігі жалпы, арнайы орта білімді – 120 адам, жоғары білімді- 33 адам, толық емес орта білімді-2 адам.

Негізгі сұрақтар бойынша нәтижелер келесідей:

Сауалнаманың қорытындысы бойынша «Жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарына қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа 16 адам – «Әбден

қанағаттанарлық», 97 адам – «Біршама қанағаттанарлық», 31 адам – «Біршама қанағаттанарлықсыз», 11 адам – «Мүлдем қанағаттанарлықсыз» деген жауап берген.

«Жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарының нәтижесінде көппәтерлі тұрғын үйдің қызмет ету мерзімін қанша жылға ұлғайтылды деп есептейсіз?» деген сұраққа 110 адам – «30 жылға», 45 адам – «20 жылға» деген жауап берген.

«Көппәтерлі тұрғын үйдің жылумен жабдықтау жүйесіне жіберетін қуатты тұтынуының төмендеуі шамамен қанша пайызға төмендеді деп есептейсіз?» деген сұраққа 92 адам – «20%», 46 адам – «15%», 13 адам – «10%», 4 адам - «жауап беруге қиналамын» деген жауап берген.

«Күрделі жөндеу бойынша қайтарымды қаражатты қайтару мерзімі пәтерлердің меншік иелері үшін қанша жылда қайтарылуы ыңғайлы» деген сұраққа 152 адам – «15 жылға», 3 адам – «жауап беруге қиналамын» деген жауап берген.

«Жергілікті атқарушы органдар тарапынан тұрғын үй саласына көрсетілген қолдаулар, қызметтер қанағаттандырады ма?» деген сұраққа 13 адам – «Әбден қанағаттанарлық», 115 адам – «Біршама қанағаттанарлық», 24 адам – «Біршама қанағаттанарлықсыз», 3 адам – «жауап беруге қиналамын» деген жауап берген.

Яғни сауалнама нәтижелері бойынша жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарына сауалнамен қамтылған 155 тұрғынның 62,6%-ы біршама қанағаттанатындығы, 10,3% әбден қанағаттанатындығы, 20% біршама қанағаттанбайтындығы, 7,1% мүлдем қанағаттанбайтындығы туралы қорытындылауға болады.

Жергілікті атқарушы органдар тарапынан тұрғын үй саласына көрсетілген қолдаулар бойынша сауалнамен қамтылған 155 тұрғынның 8,4% әбден қанағаттанатындығы, 74%-ы біршама қанағаттанатындығы, 15,6% біршама қанағаттанбайтындығы, 2% жауап беруге қиналатындығы туралы қорытындылауға болады.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар

Мемлекеттік аудит объектілерінде анықталған бұзушылықтарды назарға алды және мемлекеттік аудит барысында Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізген қызметкерлерімен анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы 10 541,7 мың теңге қалпына келтірілген (өтелген), оның ішінде 5 950,1 мың теңге қалпына келтірілген болса, 4 591,6 мың теңгесі өтелген.

Мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша мемлекеттік аудит объектілері бөлінісінде мынадай шаралар қабылданды:

1. «Құрылыс Кентау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бойынша:

Мемлекеттік аудит барысында «Түркістан облысы, Кентау қаласы, Каленов көшесі №3 көп пәтерлі тұрғын үйдің күрделі жөндеу жұмысы» нысаны бойынша мердігермен артық аударылған 528,0 мың теңге 10.05.2024 жылғы №0018 төлем тапсырмасымен және «Түркістан облысы, Кентау қаласындағы Қонаев көшесіндегі №20 көп пәтерлі тұрғын үйге, зимаратқа күрделі жөндеу» нысаны бойынша 4 063,6 мың теңге 10.05.2024 жылғы №6 төлем тапсырмасымен серіктестіктің есеп шотына қайтарылды.

Сонымен бірге «Кентау қаласы, Пушкин көшесі, №48 көппәтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеу» нысаны бойынша 4951,1 мың теңгеге анықталған бұзушылықтар 26.04.2024 жылғы №011 хатқа және 06.05.2024 жылғы жұмыстарды қабылдап алу актісіне сәйкес қалпына келтірілді.

«Кентау қаласы, Аль-Фараби көшесі, №96 көппәтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеу» нысаны бойынша 999,0 мың теңгеге анықталған бұзушылықтар 26.04.2024 жылғы №0/48 хатқа және 06.05.2024 жылғы жұмыстарды қабылдап алу актісіне сәйкес қалпына келтірілді.

Аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасына Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңын бұзу фактілері бойынша 12 материал жолданды (27.05.2024 жылғы №42-09/1130, №42-09/1131, №42-09/1132, №42-09/1133, №42-09/1134, №42-09/1135, №42-09/1136, №42-09/1137, №42-09/1138, №42-09/1139, №42-09/1140, №42-09/1141 санды хаты).

Бүгінгі таңға Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасына Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңын бұзу фактілері бойынша жолданған 12 материалдан 4 материал бойынша 60 АЕК барлығы 886 080 теңге айыппұл салынған, сонымен қатар Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасы 4 материал бойынша 2024 жылдың 6 маусымда толтырылған хаттаманы Кентау қалалық сотына жолданғанын хабарлаған.

Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша мемлекеттік аудит объектілері бөлінісінде мынадай шаралар қабылданды:

«Құрылыс Кентау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының жалпы мәселелер бойынша орынбасары Шахапов Шерзад Мухаматаминовичке серіктестік басшысының 10.06.2024 жылғы №119 бұйрығымен «сөгіс» түріндегі тәртіптік шара көрілген.

Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Т.Искаковтың 30.04.2024 жылғы №63 бұйрығымен мекеменің мемлекеттік сатып алу, коммуналдық меншік, экономика және қаржы секторының меңгерушісі Утегулова Элеонора Жолдыбековнаға «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Базалық көрсеткіш: Тиімділік - жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы;

Аудит объектілерінің қызметін «Тиімділік» көрсеткіші бойынша бағалау қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында жүргізілді.

Жалпы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде көзделген іс-шаралардың тұтастай орындалғанына қарамастан, бірқатар бұзушылықтар мен кемшіліктер бар, атап айтқанда:

2021, 2023 жылдары 081 бюджеттік бағдарламаға бюджеттік бағдарлама

басшысы тиісті бұйрықпен айқындалмаған.

Сонымен бірге мекеменің 2021, 2023 жылға арналған 081 бюджеттік бағдарламасының түпкілікті нәтижелері абсолюттік, салыстырмалы немесе пайыздық шамаларда көрсетілмеген, бұл өз кезегінде тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінің, сонымен қатар әлеуметтік–экономикалық көрсеткіштердің нақты орындалуына мониторинг жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Бюджеттік бағдарлама басшысымен 2021, 2023 жылы 081 бюджеттік бағдарламасы бойынша жұмыс көлемінің болмауынан нәтижелерге қол жеткізілмеген.

Яғни, Кентау қалалық қазынашылық басқармасының қолма-қол ақшаны бақылау шотынан үзіндіге сәйкес (форма 5-20) серіктестіктің есеп шотында 10.12.2021 жылға 693 298,3 мың теңге (31.12.2021 жылға қалдық 368 013,1 мың теңге) және 10.12.2023 жылға 1 569,8 мың теңге (31.12.2023 жылға қалдық 1 569,8 мың теңге) игерілмей қалған.

Осылайша, түпкілікті қарыз алушы ҚР Бюджет кодексінің 4-бабының 6,12) тармақшасында көрсетілген бюджет қаражатын пайдалануда нәтижелілік және тиімділік қағидатын бұза отырып, жалпы сомасы 4 824 737,0 мың теңгеге бөлінген бюджеттік кредит қаражатын пайдаланған.

Бұл ретте, ҚР Бюджет кодексінің 3-бабы 1-тармағының 12-4)-тармақшасына сәйкес бюджеттік бағдарламада көрсетілген тікелей және түпкі нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етпеу нәтижесінде тиімсіз пайдаланудың жалпы сомасы 4 824 737,0 мың теңгені құрады.

Осы аудит бюджеттік бағдарлама әкімшісі ретінде қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылаудың және мониторингілеудің жоқтығынан бірқатар бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берілгенін көрсетті.

Серіктестіктің 2021 жылғы даму жоспары мен оның орындалуы жөніндегі есептің жобасы бекіту органының қарауына енгізілмеген.

Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің тарапынан бақылау мен мониторингтің жүргізілуінен кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге берілген кредиттер мерзімінде игерілмеген.

Аудиттің пікірінше, серіктестіктің 694 868,1 мың теңге мөлшеріндегі кредиттік келісім шартқа сәйкес бюджеттік кредиттің игерілмеген қаражатын Кредит берушіге уақытылы қайтармауы, 868 585,1 мың теңге мөлшеріндегі кредиттік келісім шартқа сәйкес мақсатқа сай пайдаланылмаған кредит сомасы және Кредитті мақсатқа сай пайдаланбау сомасының айыппұлы бойынша міндеттемелері серіктестіктің ықтимал шығындары болып табылады.

Осы жағдайлар Кредит беруші мен Әкімші тарапынан Қарыз алушымен кредиттік келісім шарт бойынша міндеттемелерін толық және уақытылы орындалуына, сонымен бірге кредиттің мақсатқа сай пайдалануы бойынша мониторинг пен бақылаудың жоқтығын көрсетті.

Нәтижесінде кондоминиум объектілерін күрделі жөндеу бойынша мердігерлердің келісім шарт міндеттемелерін тиісті деңгейде орындамауы

орындалған жұмыстардың сапасын, мерзімдерін, қабылдануын және объектінің пайдалануға тапсырылуын қоса алғанда, жобаны іске асыру сатысында бұзушылықтарға жол беруі бюджеттік кредиттің уақытылы игерілмеуіне алып келген.

Қорытындылай келе, алдағы уақытта тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы кепілдік қамтамасыз етудің болмауы, коммуналдық төлемдердің тарифтік ставкаларының өсуі, коммуналдық жүйелер мен объектілердің шығындарының және апаттылығының жылдан жылға ұлғайуы, қаржылық тәртіпке, әсіресе төлемдердің уақтылы жасалмауына қатысты қатаң тұтқалардың болмауы сияқты қауіп-қатерлерді ескере отырып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы жұмыстарды жалғастыру қажет деп есептейміз.

Сонымен қатар, бюджеттік бағдарлама әкімшісі ретінде қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды және мониторинг жұмыстарын күшейтуді қажет етеді.

Аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша жүргізілген мемлекеттік аудит Кентау қаласында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін арттыру мәселесі бойынша пікір білдіру үшін жеткілікті негіздер береді деген қорытынды жасауға болады.

Нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы;

Мемлекеттік аудит объектілерінің негізгі қызметі «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасында айқындалған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу ретінде іске асырылған.

Кентау қаласы бойынша ағымдағы ахуалды талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы Кентау қаласында тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу нәтижесінде көппәтерлі тұрғын үйдің жылумен жабдықтау жүйесіне жіберетін қуатты тұтынуының төмендеуі, кондоминиум объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, Кентау қаласының сәулет-қала құрылысы көрінісін жақсарту, әлеуметтік-экономикалық маңызы бар объектілерді пайдалануға жарамды күйін сақтап қалу, тұрғын үйлердің жарамдылық мерзімін ұлғайтуға бағытталған жұмыстарды жүргізу күтілуде.

Көппәтерлі тұрғын үйлердің негізгі проблемаларының ішінде кондоминиум объектілерін басқаруда тұрғын үй иелерінің белсенділігінің төмендігі, пәтер иелерінің кондоминиум объектілерін басқару бөлігінде басқару органдарының қызметіне қанағаттанбауы, ортақ мүлікті күрделі жөндеуден өткізуге ақша қаражатын жинаудың әлсіз тәжірибесі, кондоминиум объектілерін басқару органдарының ортақ мүлікті күрделі жөндеуден өткізуге қолжетімді несиелеу тетіктерінің болмауы, кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күтіп ұстау және басқару бойынша қызметтері үшін төлемдер жиналымының төмен деңгейі, тұрғын үй көмегін көрсету тетігін пайдалану деңгейінің жеткіліксіздігі, энергетикалық ресурстарды тұтынудың жоғары

деңгейі, инвестициялық тартымдылығының төмендігі, технико-технологиялық шешімдер мен қолданыстағы қуаттылығы арасындағы дисбаланс сияқты мәселелерді атап өтуге болады.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында қала бойынша күрделі жөндеу жұмыстары басталған.

Яғни, 2017-2019 жылдар аралығында 111 көпқабатты тұрғын үйлерге мемлекеттік бағдарлама аясында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, күрделі жөндеуді қажет ететін үйлердің үлесі 34,3%-ға азайған;

2021 жылы 100 көпқабатты тұрғын үйлерге мемлекеттік бағдарлама бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, күрделі жөндеуді қажет ететін үйлердің үлесі 46,9%-ға азайған.

Ал 2023 жылы 55 көпқабатты тұрғын үйлерге мемлекеттік бағдарлама бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, күрделі жөндеуді қажет ететін үйлердің үлесі 48,7%-ды құраған.

Жалпы Кентау қаласында тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу нәтижесінде Кентау қаласының сәулет-қала құрылысы көрінісінің жақсарғанын, әлеуметтік-экономикалық маңызы бар объектілерді пайдалануға жарамды күйін сақтап қалу, тұрғын үйлердің жарамдылық мерзімін ұлғайту сияқты оңтайлы нәтижелерді байқауға болады.

Сонымен қатар, мемлекеттік аудит объектілерінің күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге қатысты міндеттері мен функцияларының іске асырылуы нәтижесінде экономика саласының жай-күйіне жалпы алғанда оң әлеуметтік-экономикалық әсерін атап өтуге болады. Мәселен, қаладағы жұмыссыздық деңгейі 2023 жылы 5,0%-ды құрап, 2021 жылмен (5,1%) салыстырғанда 0,1%-ға кеміген.

Одан басқа, тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштеріне, әлеуметтік–экономикалық көрсеткіштеріне толық қол жеткізілмеуі, тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінің, әлеуметтік–экономикалық көрсеткіштерінің толыққанды орындалуына тиісті деңгейде мониторинг пен бақылаудың болмауы мемлекеттік аудит объектілерінің күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге қатысты міндеттері мен функцияларының іске асырылуы нәтижесінде экономика саласының жай-күйіне теріс әлеуметтік-экономикалық әсері болуы мүмкін.

Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және атқару тиімділігіне, сонымен бірге квазимемлекеттік сектор субъектілері борышының басқарылу тиімділігіне жүргізілген аудит мемлекеттік аудит объектілерімен мемлекеттік бағдарламаны іске асыруда кемшіліктер бар екенін көрсетті, атап айтқанда:

Республикалық бюджеттен бөлінген кредитті игеруде бюджеттік бағдарлама әкімшісі тек қаржыны аударумен шектеліп, үш жақты 07.10.2021 жылы №1 және 2023 жылы үш жақты 26.05.2023 жылы №1 кредиттік келісім шарттарда көзделген тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштердің, сонымен қатар әлеуметтік–экономикалық көрсеткіштердің орындалуына толыққанды бақылау және мониторинг жүргізбеген, яғни тиісті жұмыстарды толық ұйымдастырмаған.

Атап айтқанда, аталған келісім-шарттардағы 2021 жылғы жоспарланған «көппәтерлі тұрғын үйдің жылумен жабдықтау жүйесіне жіберетін қуатты тұтынуының төмендеуі шамамен 30%» және 2023 жылы жоспарланған «Көппәтерлі тұрғын үйдің жылумен жабдықтау жүйесіне жіберетін қуатты тұтынуының төмендеуі шамамен 20%» әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің орындалуын айқындау мүмкін емес.

Осылайша, күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, жылу маусымы өткеннен кейін жергілікті атқарушы органдар тарапынан осы жөндеудің энергия тиімділігін бағалау үшін қайтадан энергетикалық аудит жүргізілуі тиіс болатын, алайда күрделі жөндеу аяқталған жобалар бойынша қайтадан энергетикалық аудит жүргізу жұмыстары ұйымдастырылмаған.

Серіктестікпен белгіленген міндеттерді іске асыру мақсатында жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген қаражаттар заң талаптарын бұза отырып, жасалған шарттарға сәйкес пайдаланылған.

Осылайша тапсырыс берушімен мердігерлерге келісім шарт сомасынан барлығы 4591,6 мың теңгеге артығымен қаржы аударылған.

Сонымен бірге мердігерлер, техникалық және авторлық қадағалаушы ұйымдармен шарттық міндеттемелерді орындамау не тиісінше орындамауынан күрделі жөндеу жүргізілген көпқабатты тұрғын үйлер бойынша 5 950,1 мың теңгеге жұмыстар атқарылмаған.

Одан басқа құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу басталғанға дейін тапсырыс берушімен мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын органға заңда белгіленген тәртіппен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабар берілмей, 2023 жылы күрделі жөндеу жұмыстары басталған.

Яғни серіктестіктің ағымдағы қызметіне жауапты атқарушы органымен өзіне жүктелген функцияларды тиісті деңгейде атқармауына байланысты мердігерлермен жұмыстар толығымен атқарылмай немесе орындалмаған жұмыстар қабылданып отыр.

Жоғарыда аталған бұзушылықтарға жол берудің себептері қолданыстағы заңнама талаптарын сақтамау, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен заңдылығы бөлігінде басшылық тарапынан әлсіз бақылау болып табылады.

Мекемелерде нормативтік-құқықтық актілерді зерделеуді тұрақты негізде енгізу, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімді пайдалану жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар

1. «Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген борыштың, сондай-ақ жекелеген квазимемлекеттік сектор субъектілері борышының басқарылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Кентау қаласы әкімдігі мен қалалық мәслихаты аппараттарына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпараттар жолдансын.

3. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген лауазымды тұлғаның, атап айтқанда Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшылығына қатысты тәртіптік жауапкершілігін қарау үшін Кентау қаласы әкіміне нұсқама жолдансын.

«Құрылыс Кентау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бұрынғы басшысы 20.09.2023 жылы жұмыстан босап кетуіне байланысты, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 қаулысына 4-қосымшаға сәйкес бәсекелес ортаға беру ұсынылатын коммуналдық меншіктегі ұйымдардың тізбесіне сәйкес «Құрылыс Кентау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 50% мөлшеріндегі мемлекет үлесін кейіннен сатып алу құқығымен 15 (он бес) жыл мерзімге сенімгерлік басқаруға беруге Кентау қаласы әкімдігінің 27.06.2022 жылғы №247 қаулысы қабылдануына, Кентау қалалық әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінде өткізілген коммуналдық меншіктегі мүлікті сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру бойынша өткізілген 25.07.2023 жылғы №ЭТП-285628 электрондық сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама шешімі негізінде Экономика және қаржы бөлімі мен «Ел-Аман 2023» ЖШС-гі арасында жасалған 31.07.2023 жылғы №1129-ДУ шартына сәйкес «Құрылыс Кентау» ЖШС-нің 50% мөлшеріндегі мемлекет үлесі 1 000 120,0 мың теңгеге сатылып, 01.08.2023 жылғы №1 мемлекеттік мүлікті кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру бойынша қабылдау-өткізу актісі жасалынуына байланысты «Құрылыс Кентау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басшысының тәртіптік жауапкершілігін қарауға қатысты Нұсқама жолданбайды.

4. Кентау қаласының әкіміне:

1) 2024 жылдың 22 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол бергені үшін Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы» мемлекеттік мекемесі басшылығының тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

3.4. Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 13 парақта.